



Абай елі

Берекелі болса ел, жағасы жайлау ол бір көл!

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

БАСЫЛЫМ 1935 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№6 (844)

8 - 14 ақпан 2026 ЖЫЛ



Руханият

ОБЛЫС ӘКІМІ ӨҢІР АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Жуырда облыс әкімі Берік Уәли Абай атындағы әмбебап кітапханада жергілікті ақын-жазушылармен кездесіп, өңір руханиятының өзекті мәселелерін талқылады. Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай ұйымдастырылған басқосу еркін форматта өтті. Жиынаға қала-аудандардан зиялы қауым өкілдері, айтыс ақындары, жазба ақындар, қаламгерлер қатысты.

Кездесудің ашылуында аймақ басшысы әдебиет пен мәдениет өкілдерінің қоғамдағы орнына тоқталып, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында Семейдің тарихи

орталық ретіндегі маңызы арнайы атап өтілгенін еске салды. Берік Уәлидің айтуынша, Абай елі – руханияттың қазығы қағылған өңір, сондықтан қалам ұстаған қауыммен дәл осы күні жүздесуді жөн көрген.

Жиында өңірде мәдениет саласында қолға алынған бірқатар жұмыстар айтылды. Президент өкімімен ақын Төлеген Жанғалиев мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендия иегері атанса, айтыскер ақын Әсем Ережеқызы «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығымен марапатталған. Сонымен бірге өткен жылы «Абай жолы» кітапханасы» сериясы аясында 25 ақын-жазушының еңбегі жарық көргені де сөз болды.

Аймақ басшысы алдағы уақытта облыста «Тарбағатай» дәстүрлі өнер театрын ашу жоспарда тұрғанын жеткізді. Сондай-ақ Қайым Мұхамедханұлының 110 жылдығы, Қабдеш Жұмаділовтың 90 жылдығы, Тұрсын Жұртбайдың 75 жылдығы лайықты деңгейде атап өтілетінін айтты.

Кездесуде облыс басшысы Берік Уәли өңір жұртшылығына тағы бір жаңалықты жариялады. Оның айтуынша, Абай облысына арналған гимн жазу және заманауи жаңа өндерді қолдау мақсатында «Ұлылар елі» республикалық өн байқауы басталады. Байқау облыс әкімдігі мен мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен өтеді. Жоба екі бағыттан тұрады: облысқа арналған гимн жазу және «Trend auep» бағыты бойынша жаңа музыкалық шығармалар.

Басқосуда зиялы қауым өкілдері де ұсыныс-пікірлерін білдірді. Олар елде жүзеге асып жатқан конституциялық

реформалардың маңызын атап өтіп, жаңа Ата заң жобасын қолдайтындарын жеткізді. Аймақ басшысы бұл реформалар аясында Парламент құрылымына қатысты талқылаулар жүріп жатқанын айтты.



Жиын барысында Абай атындағы облыстық әмбебап кітапхананың директоры Мерей Қарт «Абай жолы» кітапханасы» жобасын таныстырса, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының төрағасы Дәулет Сметов өңірдегі айтыс өнерін дамыту, жас ақындарды қолдау және ұйымның облыстық филиалының жұмысы туралы баяндады.

«АЕ» ақпараты

АУДАН ӘКІМІ ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

Облыс әкімдігінің Өңірлік коммуникациялар қызметінде аудан әкімі Мейіржан Смағұловтың қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Брифингте аудан басшысы Абай ауданының 2025 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2026 жылға жоспарланған жобаларға тоқталып, бұқаралық ақпарат құралдар өкілдерінің сұрақтарына жауап берді.

Абай ауданында жолдар жаңартылады: ондаған шақырымға жөндеу жұмыстары жоспарлануда

Алдағы екі жылда Абай ауданында облыстық және аудандық маңызы бар автожолдардың, сондай-ақ елді мекен ішіндегі көшелердің негізгі учаскелері жөндеуден өтеді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте аудан әкімі Мейіржан Смағұлов мәлімдеді.

– 2026 жылы ауданда облыстық маңызы бар жолдардың 60 шақырымнан астам бөлігіне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Басым бағыттардың қатарында «Аягөз – Қарауыл – Р23 – Семей – Қайнар» автожолының учаскелері бар. Қазіргі уақытта аталған жобалар бойынша қажетті сараптама рәсімдері жүргізілуде, – деді спикер.

Сонымен қатар Ақшоқы некрополине апаратын жолды жаңарту көзделген. Бұл жобаны іске асыру 2026–2027 жылдарға жоспарланған. Тапсырыс беруші – облыстық жолаушылар келігі және автомобиль жолдары басқармасы.

Облыстық жолдармен қатар, аудандық маңызы бар жолдарға да ерекше назар аударылуда. Бірқатар жоба бойынша сараптаманың оң қорытындылары алынған. Атап айтқанда, Қарауыл ауылындағы Құтжанов көшесін, Тоқтамыс ауылына кіреберіс жолды, сондай-ақ Қарауыл–Архат бағытындағы екі жол учаскесін жөндеу жоспарланған.

– Сонымен қатар Саржал ауылындағы Көкенай батыр көшесіне орташа жөндеу жүргізу қарастырылған. Жоба бұған дейін қаржыландыруға ұсынылған, алайда қаражаттың болмауына байланысты іске асыру кейінге қалдырылды. Қазіргі уақытта жобаны қайтадан сараптамадан өткізу қажет, – деп атап өтті Мейіржан Смағұлов.

Абай ауданы: орталықтандырылған ауыз суға толық қолжетімділік жолында

Қазіргі уақытта Абай ауданының барлық елді мекені таза ауыз сумен қамтамасыз етілген. Ауыл тұрғындарын сапалы және тұрақты сумен қамту мақсатында бірқатар елді мекенде су құбырларын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар



қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында Абай ауданының әкімі Мейіржан Смағұлов мәлімдеді.

Архат ауылында су құбырын жаңғырту жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жоба аясында ұзындығы 13 шақырым болатын су құбыры тартылып, қажетті ғимараттар мен құрылымдар салынып, электр желілері жүргізу жұмыстары толық аяқталды. Қазіргі таңда абаттандыру, бейнебақылау орнату және құдықтарды бетондау жұмыстары жүріп жатыр. Ауылда 14 су колонкасы жұмыс істеп тұр. Жоба толық аяқталғаннан кейін 121 аула мен 8 әкімшілік ғимарат орталықтандырылған су жүйесіне қосылады.

– Кеңгірбай би ауылында да су құбырын жаңғырту жұмыстары қолға алынған. Жалпы ұзындығы 9,4 шақырым болатын құбыр желісінің құрылысы жүріп жатыр. Бүгінгі күнге дейін жобаның шамамен 30 пайызы орындалды. Жаңғырту аяқталған соң 148 аула мен 4 әкімшілік ғимарат ауыз сумен қамтылады. Құндызды ауылында ұзындығы 17,8 шақырым болатын су құбырын жаңғырту жобасы іске асады. Қазіргі уақытта ауылда 23 су колонкасы жұмыс істейді. Жоба аяқталғаннан кейін 340 аула мен 7 әкімшілік ғимарат орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қосылады, – деді аудан әкімі.

Медеу ауылында су құбырын жаңғырту жұмыстарының негізгі кезеңдері аяқталған. Жоба толық аяқталғаннан

кейін 65 аула мен 5 әкімшілік ғимарат ауыз сумен қамтамасыз етіледі. Жобалар толық іске асырылғаннан кейін Абай ауданының барлық ауылдық округ орталығы 100 пайыз орталықтандырылған су жүйесіне қосылып, тұрғындар сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз етіледі.

Абай ауданында азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда

Абай ауданында тұрғын үй мәселесін кезең-кезеңімен шешу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2020 жылдан бастап аудан аумағында тұрғын үй құрылысы қолға алынып, осы уақыт аралығында мемлекет тарапынан барлығы 215 пәтер пайдалануға берілді. Бұл туралы Абай ауданының әкімі Мейіржан Смағұлов кеңінен тарқатты.

– 2025 жылға арналған жоспарға сәйкес, аудан бойынша 8 тұрғын үй (16 пәтер) салу және 27 пәтерлі 3 қабатты тұрғын үйді қайта жаңғырту арқылы жалпы саны 43 пәтерді пайдалануға беру жоспарланған. Алайда, қолданыстағы тұрғын үй заңнамасына сәйкес, дайын тұрғын үйлер «Отбасы банк» АҚ арқылы кезекте тұрған азаматтарға беріледі. Қазіргі таңда аудан бойынша тұрғын үйге мұқтаж және ресми есепте тұрған 609 азамат бар, – деді спикер.

Сонымен қатар, 2026 жылдың қаңтар айында Қарауыл ауылында 1 қабатты, 2 пәтерлі 4 тұрғын үйдің (әр пәтердің жалпы ауданы – 85 м²) құрылысы аяқталып, «Отбасы банк» АҚ арқылы тұрғын үйге мұқтаж және есепте тұрған 7 отбасы баспанамен қамтамасыз етілді.

Бұдан бөлек, Қарауыл ауылындағы Мамай көшесінде орналасқан 27 пәтерлі 3 қабатты тұрғын үйді қайта жаңғырту жұмыстары, сондай-ақ Қасқабұлақ және Саржал ауылдарында 1 қабатты, 2 пәтерлі 4 тұрғын үйдің (әр пәтер – 85 м²) құрылысы толық аяқталды. Аталған тұрғын үйлерді «Отбасы банк» АҚ арқылы тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға беру жоспарлануда, – деп түсіндірді аудан әкімі

«АЕ» ақпараты



● Жиын

АППАРАТТЫҚ МӘЖІЛІС: КҮН ТӘРТІБІНДЕ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ



Аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлының төрағалығымен кезекті аппараттық кеңес отырысы өтті. Жиынға мәслихат төрағасы М.Нұрсұлтанұлы, бөлім және мекеме басшылары, сондай-ақ ауылдық округ әкімдері қатысты. Күн тәртібіне сәйкес төрт мәселе қаралып, тиісті баяндамалар тыңдалды. Отырыс барысында ауыл шаруашылығы жануарларын ИСЖ жүйесіне тіркеу жұмыстарының барысы талқыланды. Аудан басшысы сала жетекшілері мен ауылдық округ әкімдеріне тұрғындар арасында ауыл шаруашылығы малдарын таңбалау

және тіркеу жұмыстарын күшейту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Бұл шаралар мал жоғалған немесе төтенше жағдайлар туындаған кезде іздестіру жұмыстарын жедел әрі тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні атап өтілді.

Сонымен қатар, «Қаладан – ауылға» пилоттық жобасы аясында Медеу ауылына қоныс аударушыларға көрсетілетін қолдау шаралары жан-жақты талқыланды. Аудан әкімі ауылдық округ әкіміне осы бағытта нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеп, ұсынуды тапсырды.

Жиын барысында аудан әкімінің хаттамалық тапсырмаларының орындалу барысы қаралып, жауапты сала басшыларына жұмыстарды сапалы әрі уақытылы орындау қажеттігі ескертілді. Сондай-ақ мерзімді баспасөзге жазылу жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру мәселесі назарға алынды.

«Абай елі» ақпараты

«ҚАЛАДАН АУЫЛҒА» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖҰМЫСТАР ЖАСАЛУДА



Облыс басшысы Берік Уәлиұлының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Қаладан ауылға» пилоттық жобасы аясында аудан әкімі Мейіржан Серікбосынұлы Жетісу облысынан қоныс аударуға ниет білдірген екі отбасын жеке қабылдады. Екі жанұяның жалпы құрамы – 9 адам. Кездесу барысында отбасылар Медеу ауылдық округіне көшіп келуге ниетті екендерін жеткізді. Жаңа қоныстанушыларға келісімшарт талаптарына сәйкес көрсетілетін қолдау шаралары жан-жақты түсіндірілді. Атап айтқанда:

- * баспана беріледі;
 - * 10 бас қой, 2 бас ірі қара және 1 бас жылқы үлестіріледі;
 - * тұрақты жұмыспен қамту қарастырылған;
 - * ауылға көшіп келген отбасында сәби дүниеге келсе, дәстүрге сай ат мінгізіледі.
- Осыған байланысты аудандық Мансап орталығының директоры Н.Серікбекке тиісті тапсырмалар берілді.

«Абай елі» ақпараты

«QUIZ» ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ



мектебінен 33 оқушы қатысты. Тың жобаны модератор Мәрей Закариянов жүргізіп, кеш тізгінін қолына алды. Дауыс беру процесіне қатысты танымдық сауалдарға жауап іздеген жас буын арасынан «Қарауыл гимназиясының» оқушылары оза шауып, байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды. «Көкбай атындағы орта мектебі» КММ оқушылары ІІ орын, «Ж.Молдағалиев атындағы орта мектеп» білім алушылары жүлделі ІІІ-ші орынды иеленді. Шараға жеңімпаздарын аудандық білім бөлімінің әдіскері Гүлназ Кеңесбайқызы, Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасының орынбасары Әли Бектұрғанұлы және Абай ауданының «Жастар» ресурстық орталығының директоры Думан Тұрдығалыұлы құттықтап, марапаттады. Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасының орынбасары Әли Түгелжанов жүлдегерлерге құнды сыйлықтар табыстады.

«Шәкерім атындағы орта мектебі» КММ базасында дүниежүзілік сайлау күніне орай «Заң мен тәртіп» тақырыбында аудандық QUIZ зияткерлік ойыны өтті. Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңын, тарих және құқық негіздері пәндерін қамтыған іс-шараға ауданның 11

«Абай елі» ақпараты

● Пікір

Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы шаруа қожалықтарының жетекшілерінің назарына !!!

Бірыңғай жер салығын төлеушілерге арналған декларация негізіндегі режимін қолданатын шаруа қожалықтары 2025 жылдың 920.00 салық есептілік нысанын, салық төлеушінің тұрған жеріндегі салық органына ағымдағы жылдың 31 наурызынан кешіктірілмей салық төлеушінің кабинеті, «E-Salyq Business» мобильді қосымшалары арқылы, сондай-ақ Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы ғимаратында 10 кабинетінде орналасқан салық төлеушілерге арналған терминалдар арқылы тапсыра алатындығын ескертеді.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ НОРМАҒА АЙНАЛҒАНДА

Ақпан айының басында елдегі кәсіподақ қауымдастығының өкілдері Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасын талқылауға қатысты. Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы Сатыбалды Дәулеталиннің жетекшілігімен ұйымдастырған диалог алаңында ZOOM платформасы арқылы еліміздің барлық өңірлерінен аумақтық бірлестіктер мен салалық кәсіподақтардың басшылары бас қосты.

Кәсіподақтар үшін бұл реформаның маңызы айрықша. Конституция — абстрактілі саяси құжат емес, ол еңбек, әлеуметтік және азаматтық құқықтардың барлығының негізі. Оның мазмұнына қарай қызметкердің қаншалықты қорғалғаны, әлеуметтік кепілдіктердің тұрақтылығы және еңбек адамының өз мүддесін қорғаудың нақты тетіктерінің бар-жоғы айқындалады.

Жаңа Конституция жобасында мемлекеттің философиясының өзгеруі ерекше мәнге ие. Қолданыстағы редакцияда «еңбек ету бостандығы» бекітілсе, жаңа жобада «еңбек ету құқығы» ұғымы енгізіледі. Бостандық — мүмкіндік болса, құқық — мемлекеттің жұмыспен қамтуға, әділ еңбекақыға және әлеуметтік қорғалуға жағдай жасау жөніндегі міндетін білдіреді. Бұл өңірлер, өнеркәсіп кәсіпорындары, бюджеттік сала және ауылдық аумақтар үшін тікелей практикалық маңызға ие.



Сонымен қатар Конституцияда қауіпсіз еңбек жағдайлары, кемсітушілікке жол бермеу, әлеуметтік қорғау және адам қадір-қасиетін құрметтеу нормаларының бекітілуі ерекше назар аудартады. Бұл қағидаттар еңбек қатынастарының бүкіл жүйесі үшін берік құқықтық негіз қалыптастырады.

Азаматтардың заң шығару үдерісіне қатысуының кеңеюі де маңызды қадам болып табылады. Конституцияда «Халық кеңесі» институтының пайда болуы

қоғамдық диалогты дамытуға және шешімдер қабылдау кезінде еңбек ұжымдарының пікірін ескеруге қосымша мүмкіндіктер береді. Кәсіподақтар үшін бұл мемлекеттің әлеуметтік және еңбек саясатын қалыптастыруға қатысудың жаңа деңгейін білдіреді.

Жоба ашық түрде талқыланды, бұл — принципті түрде маңызды. Елдің Негізгі заңы алғаш рет жабық кабинеттерде емес, қоғамның қатысуымен қалыптастырылуда. Кәсіподақтар мұндай форматты дұрыс әрі қажет деп санайды.

Біз конституциялық реформаны қолдаймыз, өйткені ол еңбек адамының мүдделері екінші кезекте емес, даму негізі болып табылатын әлеуметтік мемлекет құруға бағытталған. Конституцияның қандай болатыны тек құқықтық жүйенің ғана емес, миллиондаған қазақстандықтардың өмір сүру сапасының болашағын айқындайды.

Бүгін әрбір азаматтың, әрбір қызметкердің Конституция жобасымен танысып, оны талқылауға саналы түрде қатысуы маңызды. Тек осы жағдайда ғана Негізгі заң әділеттілік пен еңбек адамының құқығын қорғаудың шынайы жұмыс істейтін құралына айналады.

Қуаныш Сүлейменов,
Абай облысы «Кәсіподақ орталығы» аумақтық бірлестігінің төрағасы

● Сағалай 2026

Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының Қарауыл ауылдық округі әкіміне кандидаттарды ТІРКЕУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТЫ (сайлау 2026 жылы 1 наурыз)

2026 жылғы 8 ақпан сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

№ п/п	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері	кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну
1.	Арыстанбекова Альмира Самалбекқызы	1984	«Медеу ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, бас маман, Медеу ауылы	Өзін-өзі ұсыну
2.	Бұрыбаев Бауыржан Адилгазыевич	1989	«Қарауыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, бас маман, Қарауыл ауылы	Өзін-өзі ұсыну
3.	Мәнзал Біржан Қайыржанұлы	1994	Абай ауданы әкімдігінің «Риза» КМК ШЖҚ бас инженері, директордың міндетін атқарушы, Қарауыл ауылы	«АМАНАТ» партиясынан



Хабарландыру

"Тарбағатай кені" ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 16 наурызда 11 сағ. 00 минутта Абай облысы, Ақсуат ауданы, Екпін а.о., Екпін ауылы, Кегенбай көшесі, 6-ғимарат, мекенжайында 11 (он бір) блок–L-44-21-(10в-56-21) (ішінара), L-44-21-(10в-56-22), L-44-21-(10в-56-23) (ішінара), L-44-21-(10в-56-24) (ішінара), L-44-21-(10в-5г-1), L-44-21-(10в-5г-2), L-44-21-(10в-5г-3), L-44-21-(10в-5г-6), L-44-21-(10в-5г-7), L-44-21-(10в-5г-8) (ішінара), L-44-21-(10в-5г-11) (ішінара) (Жаназар учаскесі), Абай облысы, жер қойнауы учаскесінің Қатты пайдалы қазбаларын барлау жоспарына Ұқымал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық

тыңдаулардың белсенді сілтемесі <https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkwZDp0YkQxYmFvMnI0aU0lMmZ0O9>
Конференция идентификаторы: 934 972 0393. Қолжеткізу коды: 4rtj3.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжайлар мен телефондар арқылы алуға болады: sema-200992@mail.ru және + 77773177502.

Көзделіп отырған қызметтің операторы: "Тарбағатай кені" ЖШС
Астана қаласы, Д.Қонаев к-сі, № 10 ғимарат. ЖСН 2406400322533. тел: +7(777)-629-92-29

Жобаны әзірлеуші: «ECO project of city» ЖШС, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел: 87773177502. Эл.мекенжай: sema-200992@mail.ru.

Әсер ету аймағы: Абай облысы
Кен орнының географиялық координаттары:

1 Нүкте СЕ. 47. 36. 0. ШБ 82.25.0.; 2 Нүкте СЕ.47. 36. 0.ШБ 82.29.0.; 3 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.29.0.; 4 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.28.0.; 5 Нүкте СЕ.47. 33.0. ШБ 82.28.0.; 6 Нүкте СЕ.47. 33.0 ШБ 82.26.0.; 7 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.26.0.; 8 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.25. 0.;

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

1 Нүкте СЕ. 47. 36. 0. ШБ 82.25.0.; 2 Нүкте СЕ.47. 36. 0.ШБ 82.29.0.; 3 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.29.0.; 4 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.28.0.; 5 Нүкте СЕ.47. 33.0. ШБ 82.28.0.; 6 Нүкте СЕ.47. 33.0 ШБ 82.26.0.; 7 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.26.0.; 8 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.25. 0.;

Объявление

ТОО "Тарбағатай кені", в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 час 00 мин. 16 марта 2026 года по адресу: область Абай, район Ақсуат, Екпинский с.о., с.Екпін, улица Кегенбая, здание 6, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Отчету о возможных воздействиях на План разведки твердых полезных ископаемых участка недр: 11 (одиннадцать) блоков–L-44-21-(10в-56-21) (частично), L-44-21-(10в-56-22), L-44-21-(10в-56-23) (частично), L-44-21-(10в-56-24) (частично), L-44-21-(10в-5г-1), L-44-21-(10в-5г-2), L-44-21-(10в-5г-3), L-44-21-(10в-5г-6), L-44-21-(10в-5г-7), L-44-21-(10в-5г-8) (частично), L-44-21-(10в-5г-11) (частично) (участок Жаназар), область Абай.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера,

общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний <https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkwZDp0YkQxYmFvMnI0aU0lMmZ0O9>

Идентификатор конференции: 934 972 0393. Код доступа: 4rtj3.

Дополнительную информацию можно получить по адресу sema-200992@mail.ru.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО "Тарбағатай кені"

г. Астана, ул. Д.Қонаева зд.№10. БИН 2406400322533. тел: +7(777)-629-92-29

Разработчик проекта: ТОО «ECO project of city», г.Павлодар, ул.Гагарина 76/61, тел: 87773177502. Эл.адрес: sema-200992@mail.ru.

Территория воздействия: область Абай
Географические координаты месторождения:

1 Точка СШ. 47. 36. 0. ВД 82.25.0.; 2 Точка СШ.47. 36. 0.ВД 82.29.0.; 3 Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.29.0.; 4Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.28.0.; 5 Точка СШ.47. 33.0. ВД 82.28.0.; 6 Точка СШ.47. 33.0 ВД 82.26.0.; 7 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.26.0.; 8 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.25. 0.;

Географические координаты территории воздействия:

1 Точка СШ. 47. 36. 0. ВД 82.25.0.; 2 Точка СШ.47. 36. 0.ВД 82.29.0.; 3 Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.29.0.; 4Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.28.0.; 5 Точка СШ.47. 33.0. ВД 82.28.0.; 6 Точка СШ.47. 33.0 ВД 82.26.0.; 7 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.26.0.; 8 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.25. 0.;

Хабарландыру

"Тарбағатай кені" ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 16 наурызда 12 сағ. 00 минутта Абай облысы, Ақсуат ауданы, Екпін а.о., Екпін ауылы, Кегенбай көшесі, 6-ғимарат, мекенжайында 11 (он бір) блок–L-44-21-(10в-56-21) (ішінара), L-44-21-(10в-56-22), L-44-21-(10в-56-23) (ішінара), L-44-21-(10в-56-24) (ішінара), L-44-21-(10в-5г-1), L-44-21-(10в-5г-2), L-44-21-(10в-5г-3), L-44-21-(10в-5г-6), L-44-21-(10в-5г-7), L-44-21-(10в-5г-8) (ішінара), L-44-21-(10в-5г-11) (ішінара) (Жаназар учаскесі), Абай облысы, жер қойнауы учаскесінің Қатты пайдалы қазбаларын барлау жоспарына Әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> және ЖАО сайтында prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдауларды өткізу күніне дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында <https://ndbecology.gov.kz> қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-

режимде өткізіледі. Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі <https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkwZDp0YkQxYmFvMnI0aU0lMmZ0O9>

Конференция идентификаторы: 934 972 0393. Қолжеткізу коды: 4rtj3.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжайлар мен телефондар арқылы алуға болады: sema-200992@mail.ru және + 77773177502.

Көзделіп отырған қызметтің операторы: "Тарбағатай кені" ЖШС
Астана қаласы, Д.Қонаев к-сі, № 10 ғимарат. ЖСН 2406400322533. тел: +7(777)-629-92-29

Жобаны әзірлеуші: «ECO project of city» ЖШС, Павлодар қаласы, Гагарин к-сі 76/61, тел: 87773177502. Эл.мекенжай: sema-200992@mail.ru.

Әсер ету аймағы: Абай облысы
Кен орнының географиялық координаттары:

1 Нүкте СЕ. 47. 36. 0. ШБ 82.25.0.; 2 Нүкте СЕ.47. 36. 0.ШБ 82.29.0.; 3 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.29.0.; 4 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.28.0.; 5 Нүкте СЕ.47. 33.0. ШБ 82.28.0.; 6 Нүкте СЕ.47. 33.0 ШБ 82.26.0.; 7 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.26.0.; 8 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.25. 0.;

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

1 Нүкте СЕ. 47. 36. 0. ШБ 82.25.0.; 2 Нүкте СЕ.47. 36. 0.ШБ 82.29.0.; 3 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.29.0.; 4 Нүкте СЕ.47. 35.0. ШБ 82.28.0.; 5 Нүкте СЕ.47. 33.0. ШБ 82.28.0.; 6 Нүкте СЕ.47. 33.0 ШБ 82.26.0.; 7 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.26.0.; 8 Нүкте СЕ.47. 32.0. ШБ 82.25. 0.;

Объявление

ТОО "Тарбағатай кені", в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что в 12 час 00 мин. 16 марта 2026 года по адресу: область Абай, район Ақсуат, Екпинский с.о., с.Екпін, улица Кегенбая, здание 6, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Материалам для получения экологического разрешения на воздействие к Плану разведки твердых полезных ископаемых участка недр: 11 (одиннадцать) блоков–L-44-21-(10в-56-21) (частично), L-44-21-(10в-56-22), L-44-21-(10в-56-23) (частично), L-44-21-(10в-56-24) (частично), L-44-21-(10в-5г-1), L-44-21-(10в-5г-2), L-44-21-(10в-5г-3), L-44-21-(10в-5г-6), L-44-21-(10в-5г-7), L-44-21-(10в-5г-8) (частично), L-44-21-(10в-5г-11) (частично) (участок Жаназар), область Абай.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz>.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального,

природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний <https://us06web.zoom.us/j/9349720393?pwd=bXN0YVkwZDp0YkQxYmFvMnI0aU0lMmZ0O9>

Идентификатор конференции: 934 972 0393. Код доступа: 4rtj3.

Дополнительную информацию можно получить по адресу sema-200992@mail.ru.

Оператор намечаемой деятельности: ТОО "Тарбағатай кені"

г. Астана, ул. Д.Қонаева зд.№10. БИН 2406400322533. тел: +7(777)-629-92-29

Разработчик проекта: ТОО «ECO project of city», г.Павлодар, ул.Гагарина 76/61, тел: 87773177502. Эл.адрес: sema-200992@mail.ru.

Территория воздействия: область Абай
Географические координаты месторождения:

1 Точка СШ. 47. 36. 0. ВД 82.25.0.; 2 Точка СШ.47. 36. 0.ВД 82.29.0.; 3 Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.29.0.; 4Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.28.0.; 5 Точка СШ.47. 33.0. ВД 82.28.0.; 6 Точка СШ.47. 33.0 ВД 82.26.0.; 7 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.26.0.; 8 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.25. 0.;

Географические координаты территории воздействия:

1 Точка СШ. 47. 36. 0. ВД 82.25.0.; 2 Точка СШ.47. 36. 0.ВД 82.29.0.; 3 Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.29.0.; 4Точка СШ.47. 35.0. ВД 82.28.0.; 5 Точка СШ.47. 33.0. ВД 82.28.0.; 6 Точка СШ.47. 33.0 ВД 82.26.0.; 7 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.26.0.; 8 Точка СШ.47. 32.0. ВД 82.25. 0.;

● Денсаулық

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫ

Қатерлі ісік ауруларын ерте кезеңде анықтау – ем нәтижесін жақсартудың және өлім-жітімді азайтудың ең тиімді жолы. Осы мақсатта өлімізде халық арасында онкологиялық скринингтер тұрақты түрде жүргізіледі.

Онкологиялық скрининг – клиникалық белгілері жоқ, өзін сау сезінетін азаматтарды тексеру арқылы қатерлі ісік пен оның бастапқы сатыларын ерте анықтауға бағытталған профилактикалық шара.

Қазіргі уақытта ұлттық скрининг бағдарламасы аясында келесі онкологиялық ауру түрлері бойынша тексерулер жүргізіледі:

Сүт безі обырына скрининг

Скрининг 40,42,44,46,48,50,52,54,56,58,60,62,64,66,68,70 жастағы әйелдер арасында жүргізіледі.

Тексеру әдісі – екі жақты маммография.

Маммографиялық тексеру әр 2 жыл сайын өткізіледі. Бұл әдіс сүт безіндегі қатерлі өзгерістерді ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді.

Жатыр мойны обырына скрининг

Скрининг 30,34,38,42,46,50,54,58,62,66,70 жастағы әйелдерге арналған.

Тексеру әдісі – цитологиялық зерттеу немесе адам па-

пилломасы вирусына (HPV) тестілеу.

Скрининг әр 4 жыл сайын жүргізіледі. Бұл зерттеу жатыр мойнындағы қатерлі өзгерістерді клиникалық белгілер пайда болмай тұрып анықтауға көмектеседі.

Тоқ және тік ішек обырына скрининг

Скрининг 50,52,54,56,58,60,62,64,66,68,70 жастағы ерлер мен әйелдерге жүргізіледі.

Алғашқы кезеңде жасырын қанға нәжіс талдауы алынады.

Егер нәтиже оң болса, науқасқа қосымша тексеру – колоноскопия тағайындалады.

Бұл скрининг әр 2 жыл сайын өткізіледі.

Скринингтер тіркелген емханада тегін жүргізіледі және көп уақытты талап етпейді. Мамандардың айтуынша, онкологиялық аурулардың басым бөлігі дәл осы профилактикалық тексерулер кезінде ерте анықталады.

Абай аудандық ауруханасы дәрігерлер аудан азаматтарын белгіленген жас кезеңіне сәйкес скринингтен уақытында өтуге шақырады. Ерте диагностика – ұзақ өмір сапалы өмірдің кепілі.

Онкологиялық аурулардың алдын алуда профилактикалық тексерулермен қатар, клиникалық белгілерге бейжай қарамау ерекше маңызды. Ағзада

ұзақ уақыт сақталатын немесе түсініксіз өзгерістер байқалса, өзін-өзі емдеумен айналыспай, дереу дәрігерге қаралу қажет.

Дәрігер онколог ретінде келесі белгілерге назар аударуға кеңес беремін:

- себепсіз салмақ жоғалту;
- ұзақ уақыт жазылмайтын жаралар;
- теріде, сүт безінде немесе басқа мүшелерде түйіндердің пайда болуы;
- қан кетулер немесе әдеттен тыс бөліністер;
- ішек қызметінің ұзақ уақыт өзгеруі;
- ұзаққа созылған жөтел немесе дауыс қарлығыуы;
- тұрақты әлсіздік пен тез шаршау.

Бұл белгілер әрдайым қатерлі ісікті білдірмеуі мүмкін, алайда оларды тек дәрігер ғана нақты анықтай алады. Ерте кезеңде медициналық көмекке жүгіну ауруды бастапқы сатысында анықтауға және ем нәтижесін едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Дәрігерге уақытында қаралу – өз денсаулығына деген жауапкершілік пен өмірді сақтаудың маңызды қадамы.

Аудандық онколог
Г.К Оразбаева



● **Тоқтамалық**

ЖОМАРТТЫҚТЫҢ ЖАРИЯСЫЗ ҮЛГІСІ



Қазіргі таңда демеушілік жасағанын жария етпей, елдің ортасында қарапайым тіршілік кешіп жүрген азаматтар сирек. Соның бірі – Көркембаев Арман Рымбекұлы. Ол көмекті науқан үшін емес, қажеттілік туған сәтте көрсетуді жөн санайды. Жақсылығының жарнамасын жасаймайтын мінезі оның

болмысын айқындайды.

Үш жыл қатарынан «Абай елі» газетіне өз қаражаты есебінен жазылып, он ауыл тұрғынына басылымды тұрақты жеткізіп отыру – сырт көзге шағын іс көрінуі мүмкін. Алайда ақпаратқа қолжетімділік ауыл үшін әрдайым маңызды. Газет – тек жаңалық құралы емес, қоғамдық пікір алаңы, елдің ой-санасын жалғайтын көпір. Осындай рухани кеңістіктің сақталуына үлес қосу – азаматтық жауапкершіліктің бір көрінісі. Арман Рымбекұлы бұл істі міндетсізбен, қалыпты тіршілігінің бір бөлігі ретінде атқарады.

Әлеуметтік жауапкершілік деген ұғым көбіне ірі компаниялармен байланыстырылып жатады. Бірақ ауыл жағдайында бұл түсінік жеке адамдардың нақты әрекеті арқылы көрінеді. Кәсібін дөңгелетіп отырған азаматтың көпірі. Арман Рымбекұлының ұстанымы да осыған саяды. Ол кәсіпті қоғамнан бөлек қарамайды.

Өткен күзде 17 отбасыға шөп таратуы – соның айқын дәлелі. Бұл көмек жай ғана материалдық жәрдем емес, қысқа дайындықтағы сенімді тірек болды. Әсіресе табы-

сы төмен отбасылар үшін мұндай қолдау үлкен демеу. Ең бастысы – бұл әрекет дабырасыз жасалды. Ауыл адамдары оның көмегін сырттай емес, нақты сәтте сезінді.

Ауыл халқы Арман Рымбекұлы туралы артық мақтау айтпайды. Бірақ «қолындағы барымен бөліседі» деген бір ауыз сөздің өзі көп нәрсені аңғартады. Ауылда бедел жарнамамен емес, уақытпен қалыптасады. Көпшілікке көмектескен жанның мінезі де, ісі де көзге көрініп тұрады. Оның қадірі – дәл осы тұрақтылықта.

Туған жермен тамырлас жауапкершілік

1974 жылы Тоқтамалық ауылында дүниеге келген Арман Рымбекұлы үшін туған жер – өмірбаян дерегі ғана емес. Бұл – оның әлеуметтік ортасы, балалық шағы, еңбек жолының бастауы. Ауылдағы әр шаңырақтың жағдайын біліп өскен адам үшін сырт айналу қиын. Сондықтан оның қолдауы жалпылама емес, нақты қажеттілікке бағытталады. Мұндай жанашырлық тамырлас ортадан бастау алады.

Әлеуметтану тұрғысынан алғанда, шағын қауымдастықтарда сенім капиталы ерекше рөл атқарады. Сенім бар жерде өзара көмек те тұрақты болады. Арман Рымбекұлы осы сенім кеңістігінің ішінде өмір сүріп келеді. Ол үшін ауыл – сырттан бақылау нысаны емес, күнделікті тіршілік алаңы. Сондықтан әр әрекеті ортақ жауапкершілік сезімінен туындайды.

«Шаған» шаруа қожалығының мүшесі ретінде ол кәсібін жүйелі жүргізіп отыр. Дегенмен кәсіпкерлік оның өмірінде тек табыс табудың жолы емес. Ол еңбекті елге қызмет етудің амалы деп түсінеді. Бұл – бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің қарапайым, бірақ мазмұнды үлгісі. Пайда мен парызды қатар ұстау – ауыл кәсіпкері үшін маңызды қағида.

Тоқтамалық ауылындағы спорттық және мәдени шараларға көрсетіп жүрген демеушілігі де осы ұстанымнан туындайды. Кейде ол алдыңғы қатарда

көрінеді, кейде ұйымдастырушылардың тасасында қалады. Бірақ нәтижесінде ауыл балалары спорттық жарысқа қатысып, мәдени кештер өткізіледі. Қоғамдық белсенділік дәл осындай үнсіз қолдаудан құралады. Бұл – ауыл өмірінің үздіксіздігін сақтайтын тетік.

Іспен өлшенетін абырой

Қоғамда меценаттық туралы көп айтылады, бірақ ауылдағы жомарттық көбіне еспесіз болады. Ол келісімшартпен емес, адами түсіністікпен жүзеге асады. Арман Рымбекұлының әрекеттері осы сипатқа сай келеді. Ол көмек көрсетуді міндет емес, табиғи парыз деп қабылдайды. Сондықтан оның жомарттығы жасандылықтан ада.

Ауыл үшін ең құнды нәрсе – тұрақтылық. Бір реттік акция емес, жыл сайын қайталанатын нақты қолдау маңызды. Газетке жазылу дәстүрін үзбей жалғастыруы да осының көрінісі. Бұл – рухани кеңістікті сақтауға қосылған үлес. Ауыл өмірінде мұндай ұсақ көрінетін қадамдардың маңызы зор.

Көп уәде бермей, нақты іс атқару – бүгінгі қоғамда сирек кездесетін қасиет. Арман Рымбекұлының үлгісі жастарға да ой салары анық. Әлеуметтік жауапкершілік ірі жобалардан ғана тұрмайды. Ол күнделікті тіршіліктегі қарапайым шешімдерден басталады. Ауылдың тірегі болу үшін алдымен ауылдың ішінде болу керек.

Тоқтамалық ауылы үшін Арман Рымбекұлы – жариясыз еңбектің иесі. Оның беделі сөзбен емес, уақытпен қалыптасқан. Ауыл адамдары үшін ең әділ өлшем – іс. Сол өлшемнен қарағанда, оның жомарттығы шынайы. Қарапайым, бірақ салмақты әрекеттер арқылы ол туған жерінің тіршілігіне тірек болып отыр.

Жазира ҚАЖЫҚЫЗЫ,
«Абай елі»

● **Семинар**

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ЖАҢА ҚАДАМ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ БІЛІМ



Жақында Баян Байғожина атындағы бөбекжайында «Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу үдерісінде жасанды интеллекттің қолданудың тиімділігі» тақырыбында аудан мектепке дейінгі білім беру педагогтарының қатысуымен әдістемелік семинар өтті. Семинардың негізгі мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдарда заманауи цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерін тиімді пайдалану жолдарын педагогтарға таныстыру және тәжірибе алмасу болды.

Іс-шараға білім бөлімінің әдіскерлері, бөбекжай меңгерушілері мен әдіскерлері, педагогтері, тәрбиешілер қатысты. Семинар барысында жасанды интеллекттің білім беру саласындағы рөлі, оның балалардың танымдық қабілеттерін дамытудағы маңызы жан-жақты қарастырылды. Қатысушыларға ЖИ көмегімен оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау, балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып тапсырмалар дайындау, шығармашылық және логикалық ойлауын дамытуға арналған цифрлық құралдарды қолдану тәсілдері ұсынылды.

Семинардың практикалық бөлімінде интерактивті платформалар, білім беру қосымшалары мен жасанды интеллектке негізделген ойын элементтері таныстырылды. Бұл құралдардың балалардың қызығушылығын арттырып, оқу материалын жеңіл әрі қызықты түрде меңгеруіне ықпал ететіні атап өтілді. Сонымен қатар, тәрбиешілердің уақытын тиімді пайдаланып, оқу-тәрбие жұмысын жүйелеуге мүмкіндік беретіні сөз болды.

Сонымен қатар логопед мұғалім мен психологтың жұмысындағы жасанды интеллекттің қолданылуы ерекше назарда болды. Логопедиялық түзету жұмыстарында дыбысты дұрыс қою, сөйлеу дағдыларын дамытуда интерактивті бағдарламалардың тиімділігі байқалды.

Ал психолог жұмысында ЖИ құралдары баланың эмоционалдық күйін бақылауға, зейінін, ойлау қабілетін дамытуға, мінез-құлқын түзетуге көмекші құрал ретінде сәтті пайдаланылды.

Шығармашылық бағыттағы «Ақтөс және оның доста-

ры» атты ертегі балалардың қиялын дамытып, олардың эмоционалдық әлеміне оң әсер еткенін байқатты. Бұл ертегі арқылы жасанды интеллекттің көмегімен кейіпкерлерді жандандыру, сюжетті түрлендіру, балалардың қызығушылығын арттыру мүмкін екені дәлелденді. Балалар ертегі кейіпкерлерімен бірге ойнап, ойлап, өз ойларын еркін жеткізе алды. Бұл – шығармашылық пен технологияның үйлесімді байланысының жарқын көрінісі.

Қатысушылар семинар барысында өз ой-пікірлерімен бөлісіп, тәжірибелерінде кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдарын талқылады. Жасанды интеллектті орынды әрі қауіпсіз қолдану, оны баланың жас ерекшелігіне сай енгізу мәселелері де назардан тыс қалмады.

Семинар қорытындысында мұндай заманауи технологияларды мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу – уақыт талабы екені, ал жасанды интеллект педагогтың жұмысын жеңілдететін тиімді құрал бола алатыны айтылды. Баян Байғожина атындағы бөбекжайында өткен бұл семинар педагогтердің кәсіби шеберлігін арттырып, жаңа идеялар мен тың бастамаларға жол ашты.



Логопед-мұғалім:
Л Әйтимова

● **Кезгесу** ●

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА – БОЛАШАҚ ДАМУЫНА ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ



Жастар ресурстық орталығында аудан жастары мен Қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еділбаевтың қатысуымен «Конституциялық реформа – болашақ дамуына жасалған қадам» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – Конституциялық реформалардың маңызын түсіндіру, оның ел болашағына әсерін талқылау және жастардың азаматтық белсенділігін арттыру.

Кездесу барысында Конституциялық өзгерістердің қоғам өміріндегі рөлі, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудағы маңызы және елдің тұрақты дамуына қосатын үлесі кеңінен талқыланды. Сонымен қатар, жастар өз ой-пікірлерін ортаға салып, көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, еркін форматта пікір алмасты.

Қоғамдық кеңестөрағасы Марат Сейітжаппарұлы өз сөзінде: «Конституциялық реформа – бұл жай ғана заңға енгізілген өзгеріс емес, бұл – еліміздің болашақ даму бағытын айқындайтын маңызды қадам. Жаңа өзгерістер азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтіп, әділетті қоғам құруға негіз болады. Осындай кездесулер арқылы жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, ел тағдырына бейжай қарамайтын белсенді буынды қалыптастыру – ортақ міндетіміз», – деп атап өтті.

Іс-шара жастардың құқықтық мәдениетін нығайтуға, ел болашағына деген жауапкершілігін арттыруға және ашық диалог алаңын қалыптастыруға бағытталды.

«АЕ» ақпараты



Ғұмыр - дария

АЛТЫН КІТАПҚА ЕНГЕН - АНА



Дәуір арқалаған адамдар

Тарих көбіне үлкен оқиғалар арқылы жазылады. Соғыс, реформа, науқан, жоспар. Бірақ сол ұлы өзгерістерді үнсіз ғана жүзеге асыратын, бастан кешетін, жүріп өтетін адамдар бар. Олар мінберге шықпайды, баяндамаларда аталмайды, суретке сирек түседі. Дегенмен уақыт дәл солардың иығына сүйеніп алға жылжиды. Ақаш Кенжалықызы – сондай жандардың бірі.

Оның өміріне сырттай қарасаңыз, бәрі қарапайым көрінеді. Ауыл Колхоз. Ферма. Бригада. Бірінен кейін бірі жалғасқан қызметтер. Бірақ қарапайым өмірдің өзінде терең мазмұн болады. Әсіресе ол өмір бірнеше тарихи кезеңді кесіп өтсе.

1935 жылы дүниеге келген Ақаш ананың балалық шағы соғыс жылдарына тап келді. Соғыстан кейінгі жоқшылықты да бастан өткерді, кеңестік еңбек жүйесінің тәртібінде өмір сүрді, тәуелсіздікке жеткен елдің өзгерісін де көріп үлгерді. Бұл – бір адамның ғұмыры ғана емес, ХХ ғасырдағы қазақ ауылының хронологиясы. Уақыт оған сырттай әсер етіп қана қойған жоқ, оны қалыптастырды. Ал ол өз кезегінде сол уақыттың бір бөлшегіне айналды.

Ақаш ананың ғұмырына қарап отырып: адам дәуірге бейімделе ме, әлде дәуір осындай адамды жарата ма, деген ойда қаласың. Ақаш ананың өмір жолына қарағанда, бұл екеуі бір-бірінен ажырамайтын үдеріс. Қиындық мінезді шыңдады, еңбек жауапкершілікті бекітті, жауапкершілік өмірдің мағынасын айқындады. Ол өз дәуірінің құрбаны болған жоқ. Керісінше, сол дәуірдің тірегіне айналды.

Болмаған балалық шақ

Балалық шақ деген ұғым көбіне алаңсыздықпен байланыстырылып айтылады. Бірақ 1930–40 жылдары туған ауыл балалары үшін бұл ұғымның мазмұны басқаша болды. Соғыс басталғанда Ақаш ана әлі кішкентай еді. Алайда ауылдағы тыныштықтың қалай бұзылғанын, ер-азаматтардың қалай соғысқа аттанғанын, аналардың жүзіндегі

үнсіз алаңды көріп өсті. Бала көңіл көп нәрсені түсінбесе де, ауырлықты сезеді.

Соғыс жылдарындағы ауыл тіршілігі – төзім мектебі еді. Ер адамдардың орны бос қалды. Егін де егілуі керек, мал да бағылуы керек, жоспар да орындалуы тиіс. Сол кезде әйелдер мен балалар еңбек майданына шықты. Ақаш ана да сабақтан кейін бірден жұмысқа араласқан буынның қатарында болды.

Мектеп партасынан кейін қолына орақ



ұстаған жасөспірімдердің психологиясы бөлек қалыптасты. Олар «қиын» деген сөзді сирек айтты. Себебі қиындық – қалыпты жағдай болатын. Таңдау аз еді, бірақ талап жоғары болды. Сол талап адамды ерте есейтті.

Бұл буынның ерекшелігі – шыдамдылық пен үнсіздік. Олар бастан кешкен ауыртпалықты кейін дабыра етіп айтқан жоқ. Жасалған еңбек туралы есеп беріп, марапат күтпеді. Тіршілік солай болған соң, солай өмір сүрді. III.

Қалтқысыз атқарылған қызмет

Соғыс аяқталғаннан кейін ел еңсесін тіктеу оңай болмады. Қираған шаруашылықты қалпына келтіру үшін жүйелі еңбек қажет еді. Ауыл шаруашылығы – мемлекеттің басты тіректерінің бірі болды. Колхоздар мен совхоздар жоспармен өмір сүрді, жоспармен тыныстады. Сол жүйеде әр адамның орны анықталды.

1963 жылы Ақаш Кенжалықызы колхозға жұмысқа қабылданды. Бұл – жай ғана жұмысқа орналасу емес, белгілі бір әлеуметтік құрылымның бөлігіне айналу еді. 1964 жылы №2 фермаға ауыстырылды. Кейін пошта қабылдаушы, одан соң бригада аспазы болды. Бір қарағанда, әртүрлі қызметтер. Ал шын мәнінде – ауыл өмірінің өзара байланысқан буындары.

Фермадағы еңбек – өндіріс. Пошта – ақпарат пен байланыс. Аспаздық – адамдардың күнделікті қажетін өтеу. Яғни ол ауылдың тіршілігін ұстап тұрған бірнеше саланың ішінде жүрді. Бұл қызметтер мәртебелі көрінбеуі мүмкін, бірақ ауыл жүйесінде олардың маңызы айрықша еді.

Осы жерде негізгі ой айқындалады: еңбек адамның тек табысын емес, оның қоғамдағы орнын анықтайды. Ақаш ана өз орнын іздеп сабылған жоқ. Қай жерде қажет болса, сол жерде жұмыс істеді. Ол еңбек арқылы өзін де, ортасын да бекітті.

Бұл – қарапайым, бірақ берік ұстаным.

Ана ретіндегі жауапкершілік

Еңбек жолы қаншалықты маңызды болса да, оның өміріндегі ең үлкен жауапкершілік – ана болу еді. «Алтын алқа» иегері атану – тек марапат емес, тағдыр. Жеті баланы дүниеге әкелу бір бөлек, оларды тәрбиелеп өсіру – мүлде бөлек міндет. Әсіресе өмірдің ауыр кезеңдерінде.

1971 жылы жолдасы өмірден өткенде, отбасының барлық салмағы бір адамның иығына түсті. Бұл – экономикалық қиындық қана емес, моральдық сынақ. Балаларға тірек болу, олардың болашағына сенім беру, тұрмысты қатар алып жүру – үлкен төзімді талап етеді. Ақаш ана сол кезеңде де еңбекке сүйенді.

Ж а л ғ ы з б а с т ы

күнделікті әрекет арқылы берілді.

Бүгінгі күні оның есімі ұрпақтарының бастамасымен құрметтеліп жатса, бұл кездейсоқ емес. Бұл – отбасында қалыптасқан құндылықтардың жалғасы. Ана еңбегінің шынайы бағасы көбіне уақыт өткен соң білінеді. Ақаш ананың өмірі соның дәлелі.

Еңбектің тарихи мәні және бүгінгі көзқарас

2021 жылы ол өмірден өтті. Бір қарағанда, ауылдың бір тұрғыны дүниеден озды. Бірақ оның өмірбаянын тарқата қарасақ, тұтас бір әлеуметтік дәуірдің кескіні көрінеді. Тыл еңбеккері, ауыл шаруашылығының ардагері, көпбалалы ана. Бұл атаулар жеке-жеке емес, өзара сабақтас ұғымдар.

2025 жылы есімінің «Қазақстанның алтын кітабына» енуі – тек марапат емес, тарихи ишара. Бұл бастама перзенттерінің қолдауымен жүзеге асқан. Яғни жеке отбасының естелігі қоғамдық деңгейге көтерілді. Осы тұста маңызды мәселе шығады: біз қарапайым еңбек адамдарының тарихын қалай сақтаймыз?

Қазіргі қоғамда табыс пен танымалдық жиі алға шығады. Ал үнсіз еңбек көбіне назардан тыс қалады. Ақаш Кенжалықызының тағдыры осы көзқарасты қайта қарауға шақырады. Еңбек – тек экономикалық категория емес, мәдени және моральдық құндылық. Ол ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Оның ғұмыры бізге бір қарапайым шындықты еске салады: елдің негізі – дабыралы оқиғаларда емес, күнделікті адал еңбекте. Уақыт өте саясат өзгереді, жүйе ауысады. Бірақ жерді жыртқан, малды баққан, бала тәрбиелеген адамдардың еңбегі ұлттың тіршілігін жалғастырып тұрады. Ақаш ананың өмірі – осының тыныш, бірақ



ана үшін жұмыс – тек табыс көзі емес, ішкі тірек. Еңбек адамды күйзелістен сақтайды, ойды жинақтайды, болашаққа

айқын дәлелі.



бағыт береді. Ол балаларына сөзбен емес, ісімен үлгі көрсетті. Тәртіп, адалдық, жауапкершілік – осының бәрі

Жазира ҚАЖЫҚЫЗЫ,
«Абай елі»

Алғысым шексіз

Ауыл – елдің бесігі. Ауылдың көркеюі, дамуы ауыл азаматтарының ынтымағы мен еңбегіне тікелей байланысты. Құндызды ауылымыздың әкімі Манапұлы Думан мырза ауылымызға деген шынайы көзқарасын «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ауызбіршілікпен игі істерге бастама жасайық!» деп үндеу жасап, әрдайым қауымға үлгі көрсетіп отырады.

Өткен жылы Құндызды ауылымыздың тарихы мен шежіресі құрметке ие болып, ата-бабаларымыз бен аналарымыздың адал еңбегі бағаланды. Соның нәтижесінде Құрмет тақтасы аллеясы ашылып, суреттері ілінді. Бұл – ауылымыздың ұрпақтарына тарихи тұлғаларды еске салатын ұмытылмас естелік болып қалды. Бұл жаңалық біз үшін үлкен қуаныш болды.

Аталмыш іске белсене атсалысқан ауыл азаматтарына, атап айтсақ: Қожағұлов Еркін мырза, Қоныртаев Бауыржан мырза, Шадаева Алмагүл ханым, Нарынбаев Бекен мырза және Сыдықов Қабен мырзаға сондай-ақ, Ақсақалдар алқасының төрағасы Қайырбек мырзаға шексіз ризашылығымды білдіремін.

Ізгі ниетпен,
Шыңғыс Мырзаханов
Құндызды ауылы



АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН ҚҰҚЫҚ КАБИНЕТТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Бүгінде мемлекеттік қызметтер мен құқықтық ақпараттың басым бөлігі электрондық форматта қолжетімді. Алайда ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін интернет-ресурстарды пайдалану кей жағдайда қиындық тудыруы мүмкін. Осыған байланысты облыстың ауылдық округтері әкімдіктерінде «Құқық кабинеттері» жұмыс істейді. Қазіргі таңда облыстың 78 ауылдық округінде құқық кабинеттері ашылып, халыққа қызмет көрсетуде.

Құқық кабинеті – бұл интернет-ке қосылған компьютерлермен жабдықталған арнайы орын. Мұнда ауыл тұрғындары заңдармен танысып, мемлекеттік қызметтерді алып, өздерін қызықтыратын құқықтық сұрақтарға жауап таба алады.

Атап айтқанда, тұрғындар «Заң» деректер базасы мен «Әділет» ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасымен таныса алады. Сонымен қатар «Сот кабинеті» сервисі арқылы сот істерінің барысын бақылап, қажетті құжаттарды қарап, өтініштерді электрондық түрде жолдай алады.

Сонымен қатар, Департамент тарапынан «Е-Заң Көмегі» бірыңғай заң көмегі ақпараттық жүйесінің мүмкіндіктері туралы халықты ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл жүйе онлайн форматта білікті заң көмегін алуға арналған.

Ол мобильді қосымшалар арқылы қолжетімді және азаматтарға адвокаттар мен заң консультанттарының кеңесін алуға, сондай-ақ Құқықтық ақпарат қызметі операторларымен тәулік бойы байланысуға мүмкіндік береді. Ал «Әділет» чат-боты арқылы құқықтық сұрақтарға жедел жауап алуға болады.

Сондай-ақ E-Otinish платформасы арқылы тұрғындар мемлекеттік органдарға өтініштер мен шағымдарын жолдап, олардың қаралу барысын бақылай алады.

Құқық кабинеттерінде әкімдік қызметкерлері азаматтарға электрондық қызметтерді пайдалану тәртібін түсіндіріп, қажетті көмекті көрсетеді. Бұл әсіресе егде жастағы азаматтар үшін өте маңызды.

Осылайша, құқық кабинеттері ауыл тұрғындарының құқықтық ақпаратқа қол жеткізуіне мүмкіндік беріп, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Бұл – халыққа қолайлы жағдай жасаудың және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етудің тиімді жолы.

Абай облысы Әділет департаментінің құқықтық түсіндіру жұмысы және заңгерлік қызмет көрсету бөлімінің басшысы А. Асылканова

АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ТАРАПТАРЫНА АРНАЛҒАН ОНЛАЙН КАБИНЕТ: ЦИФРЛЫҚ БАҚЫЛАУ МҮМКІНДІГІ

Құқықтық мемлекет құру жолында мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігіне ерекше мән берілуде. Осы бағытта «Атқарушылық іс жүргізу бойынша тараптар кабинеті» - Әділет министрлігі мен Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы бірлесіп іске асыраған азаматтар мен ұйымдарға арналған тиімді цифрлық құрал «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңның 15 бабының 1 тармағына сәйкес, өндіріп алушы мен борышкер атқарушылық іс жүргізу тараптары болып табылады. Яғни, бұл онлайн сервис атқарушылық іс жүргізу тараптары өз істерін қашықтан бақылауына, қажетті мәліметтерге жедел қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Жүйенің негізгі мақсаты - атқарушылық іс жүргізу саласындағы қызметтердің ашықтығын арттыру, қатысушылардың уақтылы әрекет етуін қамтамасыз ету және қағаз түріндегі құжат айналымын азайту.

Борышкерлермен өндіріп алушылар, тараптар кабинеті арқылы атқарушылық істердің тізімі мен мәртебесін қарауға, жеке сот орындаушысы туралы мәліметтермен танысуға, қарыз сомасын тексеру және төлем жасауға және де тікелей жеке сот орындаушысына

атқарушылық істерге қатысты туындаған сұрақтары бойынша өтініштерін мен шағымдарын жолдауға мүмкіндіктері бар.

Тараптар кабинеті – бұл тек ақпараттық ресурс емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтық жауапкершілігін арттыруға бағытталған заманауи шешім. Тараптар кабинеті атқарушылық өндірістегі қағазбастылықты азайтып, уақытты үнемдеуге және әкімшілік жүктемені азайтуға, процестің ашықтығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, азаматтарға өз құқықтарын дер кезінде қорғауға және міндеттемелерін орындауға мүмкіндік береді.

Бұл сервис – мемлекеттік қызметтерді цифрландыру жолындағы тағы бір нақты қадам. «Атқарушылық іс жүргізу бойынша тараптар кабинеті» - бұл тек цифрлық платформа ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтық мүмкіндіктерін кеңейтетін маңызды құрал.

Борышкерлер мен өндіріп алушылар Тараптар кабинетіне кіру үшін aisop.adilet.gov.kz., және Adilet мобильді қосымшасы арқылы қосымшаның жеке кабинетінде электрондық цифрлық қолтаңба арқылы авторизациядан өтулері қажет.

Абай облысы Әділет департаментінің Сот орындаушыларының қызметін реттеу және бақылау бөлімінің бас маманы Б.Рахымбаева

ДІН – РУХАНИ ДІҢГЕК

Дін – адамзат тарихымен өмір сүріп келе жатқан құндылықтардың бірі. Олай ойлауға себеп, жер бетінде өмір сүруді бастаған алғашқы қауымдық кезеңдегі адамдар діни нанымдарға сеніп, жаратқанға сыйынған. Жалпы алғанда дін – әрбір ұлттың бірлігі мен тұтастығының негізі. Қоғамды тұрақтылықта ұстайтын басты күш.

Әлбетте, халық пен діннің, сонымен қатар мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар. Мемлекет ешқашан дінсіз өмір сүрген емес, оның дінмен

бірге өмір сүруі, жақын қатынаста болуы – әрбір елдің өз аумағында дінге қатысты заңдылық күші бар заңды қабылдап, оны іс-жүзіне асыра алуында.

Тәуелсіз Қазақстан әлемге діни бейбітшілік орнатудың бастамашысы ретінде танылған бірден бір мемлекет. Мемлекет басшысы елдегі дін тәңірегінде туындаған дүрдарздықтарды ауыздықтауды бейбіт жолмен шешуге зор үлес қосып келеді. Қоғамдағы келісім негізінен бейбіт өмір, саяси тұрақтылық үшін жан аямай қызмет ету, сонымен қатар өз Отаны мен отбасына, туған елі мен

жеріне деген сүйіспеншіліктен ғана туады. Халық бірлігі, ұрпақ пен дәстүр сабақтастығы, ортақ тарихымызға деген көзқарас, өзге ұлт өкілдеріне деген құрметімізді жеткізу, насихаттау болып табылады.

Халықты имандылыққа баулуға қоғамның барлық институттары мен билік орындары да қол ұстаса отырып, ілгері қадам басуы керек. Міне, сонда ғана аспанымыз ашық, іргеміз тыныш болып, мемлекетіміздің мәртебесі биіктей түседі.

Ғаламтор желісінен алынды

Хабарландыру

18.03.2026ж. Абай облысы, Абай ауданы Орда ауылы, Қарашаш Мырзабекова көшесі, 44 үй «Мамай атындағы негізгі орта мектебі» ғимаратында сағат 12:00-де «Ұзын-Бұлақ учаскесінде мыс кендерін барлау жоспары» бойынша 2-санатқа өсер етуге рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде (қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін кемінде бір сағат бұрын) жүргізіледі.

Конференцияға онлайн режимде, Zoom платформасындағы бейнеконференцбайланыс арқылы мына сілтеме бойынша қосылуға болады:

<https://us05web.zoom.us/j/4964434184?pwd=M25DRE9PK3k3RUw2TDVISHVrTG1qZz09&omn=88300260902>

Конференция идентификаторы: 496 443 4184 кіру коды: 1234

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87055093937 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші- «K-Mining» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, 200540019278, E-mail: exploration.semey@mail., тел: 8(775)5356473

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші- UkLabProject " ЖШС (тел: 8-705-795-97-

08), Потанин к-сі, 35 үй, uklab@mail.ru, Өскемен қ.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банк сайтында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>» сайтында танысуға болады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган - "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ: мекенжайы 071400 Семей қ. Тұрлыханов к-сі, 30 (7222) 35-44-32 prirodnuyе-resursy-obl.abay@mail.ru .

" Мекен жайы: «Абай облысы Абай ауданы Арқат ауылы әкімінің аппараты» ММ - 070100 Абай облысы, Арқат ауылы, Закария Бөлібаев көшесі, 2 үй. Тел. 87225993387, akim_arshat@mail.ru

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Семей қ., Дулатова 167, н.п. 1 тел: 8 7778531388 және электрондық пошта арқылы molibden67@mail.ru.

Өсер ету учаскесінің географиялық координаттары 1н. - 49012/31//, 79036/50//; 2 н. - 49012/59//, 79037/21//; 3 н. - 49012/39//, 79037/39//; 4 н. - 49012/2//, 79037/33//; 5 н. - 49012/1.5//, 79037/22//; 6 н. - 49012/31//, 79037/50//;

Объявление

18.03.2026 г. по адресу: Область Абай, Абайский район. с.Орда, ул. Карашаш Мырзабековой д. 44 в здании «Основной средней школы им. Мамай» в 12 часов:00 минут проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам на получение разрешения на возведение 2 категории по «Плану разведки медных руд на участке Узун-Булак».

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность (не менее чем за один час до начала проведения общественных слушаний).

Подключиться к конференции в режиме онлайн, посредством видеоконференц-связи на платформе Zoom можно по ссылке:

<https://us05web.zoom.us/j/4964434184?pwd=M25DRE9PK3k3RUw2TDVISHVrTG1qZz09&omn=88300260902>

Идентификатор конференции: 496 443 4184 Код доступа: 1234

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87055093937.

Заказчик – ТОО «K-Mining», Республика Казахстан, область Абая, город Семей, БИН: 200540019278, E-mail: exploration.semey@mail. тел: 8(775)5356473

Разработчик проектной документации – ТОО «UkLabProject» (Тел: 8-705-795-97-

08), ул. Потанина, дом 35, uklab@mail.ru, г. Усть-Каменогорск.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>».

Все замечания и/или предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, по телефону 8 (7222)35-44-32 или по электронному адресу: prirodnuyе-resursy-obl.abay@mail.ru, а также по адресу г. Семей ул. Турлыханова, 30 ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай»

Адрес ГУ «Аппарат Акима Архатского с/о Абайского района области Абай» - 070100 область Абай с.Архат ул. Закария Белибаева строение 2. Тел. 87225993387, akim_arshat@mail.ru

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Семей, ул. Дулатова 167, н.п. 1 тел: 8 7778531388 и по электронной почте molibden67@mail.ru.

Географические координаты участка воздействия 1т.-49012/31//, 79036/50//; 2 т. -49012/59//, 79037/21//; 3 т. -49012/39//, 79037/39//; 4 т. -49012/2//, 79037/33//; 5 т. -49012/1.5//, 79037/22//; 6 т. -49012/31//, 79037/50//;

Хабарландыру

"Kaz Mining Corporation" ЖШС 07.04.2026 жылы сағат 11:00-де Абай облысы, Аягөз ауданы, Оркен ауылдық округі, Оркен ауылы, Бейбітшілік көшесі, 127, әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша "М блоктары шегінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына рұқсат беру құжаттамасы" бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды-43-132-(10В-5Г-3 (ішінара), 4,5, 8 (ішінара), 9 (ішінара), 10 (ішінара); М-44-121 (10а-5а-16, 21); М-44-121-(10а-5в-1,2,6(ішінара))Абай облысында".

Бастамашысы: "Kaz Mining Corporation" ЖШС, БСН 250440021856, мекен-жайы: Астана қаласы, "Есіл" ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 22 Үй, н.п. 267. Жетекшісі Камит А.

Әзірлеуші: ЖК Дробот М.В., Астана қ., Пушкин к-сі, 15 үй, 17 пәтер. тел. +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

Жобалық құжаттама орналастырылған

[https://ndbecology.gov.kz.](https://ndbecology.gov.kz) жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін e-mail арқылы алуға болады: borohova2014@mail.ru және тел: 87787419151.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО - "Абай облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы" ММ, электрондық мекенжайы: prirodnuyе_resursy obl.abay@mail.ru.

Конференцияға қосылу <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=0q4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWVjGRa3.1&omn=73189965256>. конференция идентификаторы: 347 082 8229. Кіру коды: 123456.

Географиялық координаттары: 48 35 00 с.е. 78 00 00 ш.б.

Объявление

ТОО «Kaz Mining Corporation» сообщает, что 07.04.2026 года в 11:00 по адресу область Абай, Аягөзский район, Оркенский сельский округ, с.Оркен, ул.Бейбитшилик, 127, здание акимата, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по «Разрешительная документация к Плану разведки твердых полезных ископаемых в пределах блоков М-43-132-(10в-5г-3 (частично),4,5,8 (частично), 9 (частично), 10 (частично); М-44-121 (10а-5а-16, 21); М-44-121-(10а-5в-1,2,6(частично))в области Абай».

Инициатор: ТОО "Kaz Mining Corporation", БИН 250440021856, адрес: г.Астана, район «Есиль», ул. Керей-Жәнібек хандар, дом 22, н.п.267. Руководитель Камит А.

Разработчик: ИП Дробот М.В., г. Астана, ул.Пушкина, дом 15, квартира 17, тел. +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

Проектная документация размещена

на <https://ndbecology.gov.kz>. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно получить по e-mail: borohova2014@mail.ru и по тел: 87787419151.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний - ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов области Абай», электронный адрес: prirodnuyе_resursy obl.abay@mail.ru.

Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=0q4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWVjGRa3.1&omn=73189965256>. Идентификатор конференции: 347 082 8229. Код доступа: 123456.

Географические координаты: 48 35 00 с.ш. 78 00 00 в.д.



«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінезбен озады» дейді Абай атамыз. Өмір-өзен іспетті. Бірде сабырлы ағып, бірде арнасынан асып, адам баласын сынға салатын күрделі жол. Сол жолдан сүрінбей өтіп, артында ізгіліктің

ізі мен адамдықтың өлшемін қалдырған жандар ғана ел жадында мәңгі сақталады. Сондай асыл азаматтардың бірі – Абай ауданының құрметті азаматы, Көкбай елінің тумасы, тобықты руының ішіндегі Таңшебер-Жапал атасынан тараған, еңбегімен елге танылған асыл әкеміз Қабланбеков Әділғазы жайлы сөз өрмекшімін.

Әке... Бұл сөздің өзінде тірек бар, мейірім бар, мәңгілік сағыныш бар. Мен үшін әке – өмір бойы сүйеніш болған асқар тау, алыстаса да биіктігін жоғалтпаған ұлы тұлға. Әкем өмірден өткеніне биыл бес жыл болыпты. Уақыт өте келе сағыныш азаяды деуші еді, бірақ әкеге деген сағыныш көрініше тереңдей түседі екен. Биыл, 16 ақпанда, әкем тірі болғанда 85 жасқа толар еді. Осы бір ерекше күн қарсаңында жүрегімде көптен бері тұншығып, айтылмай қалған сырларымды қағаз бетіне түсіргім келді. Қазақта «Ел іші – алтын бесік» деген ұғым бар. Сол алтын бесікте тербеліп, адал еңбекпен, мәрт мінезбен, ерлік болмыспен ел жадында қалған азаматтар аз емес. Кешегі отты тілді ақын Шәкер Әбенов жырлаған «Таңшебер Жапал» поэмасындағы рухы мықты, ер мінезді азаматтардың жалғасы іспетті бұл тұлға – өмірін адал еңбекке арнаған, елге сөзі де, ісі де өтімді жан еді. Оның тектілігі тек ата-бабадан ғана емес, өмір жолынан да айқын аңғарылады. Тағдыр тауқыметі жастайынан ерте есейтті. Атамыз Есенгелдин Қабланбектен ерте айрылған апамыз Есенгелдина Шәкен Жақыпқызы жалғызбасты ана бола жүріп, үш ұлды – Қабланбеков Тұрғазы, Қабланбеков Болатқазы, Қабланбеков Әділғазыны өмірге әкеліп, бар ауыртпалықты жалғыз өзі көтерген. «Сиырдың төрт емшегімен үш ұлды асыраған» деген сөз – жай теңеу емес, сол кезеңнің ащы шындығы, ананың шексіз төзімі мен қайсарлығының айғағы. Әкем 1941 жылы дүниеге келгенде, атамыз майданға аттанып кеткен екен. Ол әкесінің жүзін тірідей көрмей өсті. «Әкемді көзбен көрмесем де, үш-төрт суретіне қарап сағынышымды басатынымын» деп еске алушы еді. Бірде ыстық сүт ішіп отырып, абайсызда әкесінің фотосын сүтке түсіріп алады. Ақ сүтке сіңген сурет көмескі тартып, қараңғылыққа батқандай көрінеді. Сол бұлдыр бейнеге ұзақ қарап отырып, әкесін алғаш көргендей күй кешіп, суретке телмірген күйі ұйықтап қалады. Көзбен көрмеген өкпе жүрекпен танып өскен әкем үшін сол фотосурет – тағдыр сыйлаған ең қымбат аманат, соғыс ұрпағы балалықтың үнсіз куәсі болып қала берді.

Әкеміздің «қыз бала барған жерінде сыйлы, білімді болсын, өз қадірін өзі білсін» деген өсиеті жадымызда мәңгі сақталды. Бұл – жай ақыл емес, бізге қалдырған өмірлік аманаты. Сол сеніммен, сол сөзді бағдар етіп өмір сүріп келеміз. Еңбекпен өрілген өмір, тәрбиемен

бекіген тағдыр – бүгінгі ұрпақтың бойындағы бекзат мінездің, биік парасаттың бастауы болды. Әкеміз бір кездері Баянқарда сатушы, затехник болып қызмет атқарса, анамыз кітапхана саласында 20 жыл еңбек етті. Алайда, өмірдің өзі оларды басқа арнаға бұрды. Балаларын асырау үшін сүйіп таңдаған мамандықтарын тастап, совхоздың малын бағып, маңдай терімен еңсе тіктеді. Бұл – жеңіл таңдау емес, бірақ совхоз үшін, ұрпақ үшін жасалған саналы шешім еді. Біз бір үйдің бес перзентіміз: үш апайым – Қабланбекова Рысқұл Әділғазықызы, Қабланбекова Ақмарал Әділғазықызы, Қабланбекова Ұлпан Әділғазықызы, бір ағам – Қабланбеков Айдынғазы Әділғазыұлы және мен – кенжесі Қабланбекова Жұлдыз Әділғазықызы едім. Бүгінде әрқайсымыздың өз шаңырағымыз, өз отбасымыз, өзіміз таңдаған мамандығымыз бар. Әрқайсымыз бір-бір «тау» болып қалыптасқан болсақ, соның барлығы – әкем мен анамның еңбегі, тәрбиесі, берген өнегесі деп білемін. Еңбектің өтеуі де болды. Молдағалиев совхозында атақты шопан атанып, депутат болды. Сол заманның Құрмет тақтасына ілінуі – әкеміздің еңбегіне берілген әділ баға еді. Ол кісі үшін еңбек – міндет емес, өмір салты еді. «Қарапайым еңбек – адамды адам етеді» деген сөзі әкеміздің ғұмырлық ұстанымындай болатын.

Ал, әкеміздің биіктеуіне, ер атын асқақ ұстауына себепкер болған асыл жан – анамыз Ануарбекова Күміскүл Ануарбекқызы. Ол кісі әрдайым ер азаматты ардақтап, әкеміздің қабағына қарап, «ер» деген ұлы ұғымды бойтұмардай қадірледі. Ана еңбегі – көзге көрінбейтін, бірақ тұтас бір өулеттің тірегіне айналған еңбек. Мұндай аналардың орны бөлек, сөзі салмақты, тәрбиесі терең дер едім. Анам: «1971 жылы шаңырақ көтергенде, қолымызда бір тышқақ лақ та болмады» деп еске алатын. Барымыз – қайынағамның жалғыз тайы еді. Сол тайды тірек етіп, адал еңбекпен жоқтан бар жасадық. Намысты серік етіп, бар ғұмырымызды сендердің білім алып, елге пайдалы азамат болып өсуге арнадық.

Әкемнің мәрттігіне бүкіл Абай жұрты куә. Бұл – даңғазасөз емес, ел ішінде айтылатын шынайы баға. Мен Қарауыл гимназиясының түлегі болған жылдары шешендік өнерден дәріс берген ұстазым Жанғалиев Төлеген Жанғалиұлы әкемнің адамгершілігі мен ерлігін мысал етіп айтқаны бар. Сол сәтте балалық жүрегімде мақтанш сезімі оянып, үкілі үмітім қанат қаққандай болды. Шәкер Әбенов атамның мерейтойына орай бір емес, екі бірдей жылқы мінгізуі - екінің бірінің қолынан келе бермейтін көппейілдіктің, мәрт мінездің көрінісі. Бұл - байлықтан емес, жүректен туған жомарттық. Мен ес білгелі әкеміз қандай той болса да - шілдехана ма, көршінің баласының қуанышы ма, сүндет той ма - «алыс-жақын» деп бөлмей, «өзімдікі-бөтен» деп айырмай, анамыз бен әкеміз жақтың туған-туысына ғана емес, ел ішіндегі ағайынға да ақ ниетін аямайтын. «Сумен суармай, мал атап суару» - әкем үшін даңқ емес, дағды болды. Бергенін есептемей, жасағанын жарияламай, қуанышты көбейтуді ғана мақсат тұтты. Қазан қайнаса - елдікі, қуаныш туса - ортақ деп білді. Сондықтан да ел жадында әкем байлығымен емес, жомарттығымен қалды. «Жақсының аты өлмейді» деген осы шығар. Кең пейіл, дарқан жүрек ұрпаққа өнеге, жұртқа үлгі болып, бүгінге дейін айтылып келеді. Ол өз мүддесінен елдің мүддесін биік қойған азамат еді.

Әкем бізге тек әкелік міндетін ғана емес, адамдықтың,

сабырдың, жауапкершіліктің не екенін ісімен көрсетті. Бізді ешқашан бөліп-жарған емес, әрқайсымыздың орнымыз бөлек, бағамыз бірдей болды. Бірақ кенже болған соң ба, әлде тағдырдың маған дайындаған сыйы ма - әкемнің ерекше мейірімін сезініп өстім.

Ең алғашқы жоғары оқу орнын тәмамдап, өмірдің үлкен жолына қадам басып тұрған шағымда әкем мені балаша қолымнан жетектеп, Қуанышбай Ғалым Айдарханұлына алып барған сәті бүгін де көз алдымда. Сол бір көрініс - түс секілді, бірақ жүрек түкпірінде мәңгілікке қалып қойған қымбат естелік. Сол кезде Ғалым Айдарханұлының айтқан бір-ақ ауыз сөзі бар еді: «Жұлдыз, сен қызмет істегенде дәл екең сияқты еңбекқор болып жұмыс жаса», - дегені. Осы сөз сол күннен бері менің санамда сайрап тұр. Бұл - жай тілек емес, әкемнің бүкіл өмір жолына берілген әділ баға, маған артылған үлкен сенім еді. Әкемнің қадірін өзгенің аузынан естіп ұққан сол сөт маған үлкен сабақ болды. Сол күннен бастап әке - мен үшін өмірдің темірқазығы, бағыт берер биік шыңға айналды. Қиындықта сүйенер асқар тау, адасқанда жол көрсетер жарық шам - бәрі әкемнің болмысымен біте қайнасып жатыр. Мен үшін әкем - өлшемі бөлек өнеге, еңбегімен елге үлгі болған асыл тұлға.

Анамның айтуынша, мені әкем құдайдан тілеп алған екен. Сондықтан болар, алғаш «әке» деп айту бақыты маған бұйырыпты. Кішкентайымнан әкем ерекше еркелетіп, мейірімін аямай өсірді. Сол сәттердің қадірін бүгінде терең сезінемін. Әкем көп сөйлемейтін, бірақ әр ісімен үлгі болатын. Қиындыққа мойымауды, адам болып қалуды үйретті. Бүгінде әкем арамызда жоқ десем де, ол менің жүрегімде, мінезімде, өмірлік ұстанымымда мәңгі тірі. Әке берген тәрбие өлмейді, әке салған із өшпейді.

Әкем балаларға дүние емес, тәрбие қалдыруды басты мұрат тұтты. «Адамды адам ететін - еңбек пен иман» деген сөзін өмірлік қағида етіп ұстанды. Немерелеріне деген мейірімі де шексіз еді. Ұрпақты өмірінің жалғасы, ең қымбат аманаты санады. Өмір жолында талай сынақ көрсе де, ата-анамыз сабыр мен тәубені серік етіп, ешқашан мойымады. Әкем үшін отбасы бірлігі мен ағайын татулығы - басты құндылық болатын. Байыпты сөзімен талай түйінді шешіп, елге ақылшы бола білді. Оның өмірі - өнеге, артында қалған ізі - мәңгілік мұра.

Әкем - менің асқар тауым. Асқар таулар алыстан ғана көрінбейді, олар әрқашан бағыт береді. Оның адамдық болмысы, адал ғұмыры - кейінгіге үлгі, келерге бағдар болып қала бермек. Мен өмір жолында адаспасам, сүрінсем де қайта тұра білсем - ол әкемнің рухы мен берген тәрбиесінің арқасы. Осындай әке мен ананың тәрбиесін көріп өскен ұрпақ үшін бұл - үлкен аманат. Жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын, әке. Сізге деген сағынышым мен алғысым жүрегімде мәңгі сақталады. Елге еңбек еткен ерлер ұмытылмайды, олардың аты да, заты да кейінгіге өнеге болып қала береді-мыс.

Әкемді сағына еске алушы қызы: Абай ауданы, Қарауыл ауылы, «Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия интернаты» КММ Қабланбекова Жұлдыз Әділғазықызы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ КЕПІЛІ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің тұрақты дамуына қауіп төндіретін ең өзекті мәселелердің бірі. Ол қоғамдағы сенімді сызат түсіріп, заң үстемдігі қағидаттарын әлсіретеді және әлеуметтік әділеттілікке нұқсан келтіреді. Сондықтан жемқорлықпен күрес – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі әрі әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Арнайы заңдар қабылданып, уәкілетті органдар жұмыс істеуде. Мемлекеттік қызмет көрсету саласында ашықтықты арттыру, цифрландыру үдерістерін енгізу, мемлекеттік саптық алулардың жариялылығын қамтамасыз ету – осы бағыттағы нақты қадамдар.

Жемқорлықтың негізгі себептерінің қатарында құқықтық сауаттылықтың төмендігі, жауапкершіліктің әлсіздігі және жеке мүддені қоғамдық мүддеден жоғары қою сияқты факторлар бар. Пара беру де, пара алу да – заң алдында тең дәрежеде жауапкершілікке әкелетін құқық бұзушылық. Бұл тек құқықтық мәселе ғана емес, моральдық құндылықтарға да қайшы әрекет.

Соңғы жылдары мемлекеттік қызмет саласында ашықтық пен есептілік қағидаттарын

нығайтуға ерекше мән берілуде. Электрондық үкімет порталы арқылы көрсетілетін қызметтердің артуы азамат пен мемлекеттік орган арасындағы тікелей байланысты азайтып, жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қоғамдық бақылау тетіктерін дамыту да маңызды рөл атқарады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жазалау шараларымен шектелмей тиіс. Ең алдымен, оның алдын алу, жастар арасында адалдық пен парасаттылық құндылықтарын қалыптастыру қажет. Адал еңбек, әділ шешім, заңға құрмет – өркениетті қоғамның басты өлшемдері.

Әділетті мемлекет құру жолында әрбір азаматтың ұстанымы маңызды. Жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру – болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміз. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана біз заң үстемдігі орныққан, сенімге негізделген қоғам қалыптастыра аламыз.

«Абай аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы» жетекші маман (заңгер) Мұсаханов Е.Б.

АУСЫЛ АУРУЫ – АЛДЫН АЛУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ҚАУІПТІ ДЕРТ

Аусыл ауруы – ауыл шаруашылығы жануарлары арасында тез таралатын, аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Бұл дерт ірі қара, қой, ешкі, шошқа секілді тұяқты малдарды зақымдап, мал шаруашылығына айтарлықтай экономикалық зиян келтіреді.

Аурудың қоздырғышы – аусыл вирусы. Ол сыртқы ортаға өте төзімді болып келеді және ауа арқылы, ауру малмен тікелей жанасу кезінде, сондай-ақ жем-шөп, су, құрал-жабдық, көлік арқылы оңай таралады. Сондықтан аусыл індеті анықталған аймақтарда қатаң карантиндік шаралар енгізіледі.

Аусыл ауруының негізгі белгілері ретінде малдың дене қызуының көтерілуі, ауыз қуысы мен тілінде, тұяқтарының арасында және желінінде күлдіреуіктердің пайда болуы байқалады. Ауру мал ақсап, жем-шөпке зауқы соқпайды, сүт өнімділігі төмендейді. Әсіресе жас

төлдер үшін бұл дерт аса қауіпті болып саналады.

Аусыл ауруының алдын алуда ең тиімді тәсіл – вакцинация жүргізу және ветеринарлық-санитарлық талаптарды қатаң сақтау. Мал басын уақытылы тексеріп отыру, шаруашылық аумағын таза ұстау, бөгде адамдар мен кәліктің кіруін шектеу – аурудың таралуына жол бермейтін негізгі шаралар.

Қорытындылай келе, аусыл ауруы – тек бір шаруашылықтың емес, тұтас аймақтың қауіпсіздігіне әсер ететін күрделі мәселе. Сондықтан әрбір мал иесі жауапкершілік танытып, ветеринар мамандардың талаптарын орындауы тиіс. Алдын алу шараларын сақтау – індеттің алдын алудың ең сенімді жолы.

ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Абай аудандық аумақтық инспекциясы



Музедге



КӘМЕН МҰРАСЫ - ХАЛЫҚ МҰРАСЫ



Жақында Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия интернатының 6 сынып оқушылары (жетекшілері: А.Қасеін, М.Түгелжанова) Кәмен Оразалиннің музей-үйінде болып, кәментану дәрісіне қатысты.

Жазушының өмірі мен шығармашылық жолына, қажырлы еңбегіне кеңінен тоқталып, туған халқына қалдырған эпикалық туындыларын оқушыларға жете түсіндірген музей қызметкері Қ.Бекенқызы мұражайдағы әрбір тарихи жәдігердің құндылығын да жеткізе баян

етті. "Кәмен мұрасы - халық мұрасы" тақырыбындағы дәрісте ұғымталдығымен көзге түсіп, кәментануға байланысты қойылған сұрақтарға жауап берген, белсене қатысқан оқушыларға музей меңгерушісі Е.Оразалы "Кәмен Оразалиннің музей-үйі" атты қалам тарту етті. Алған әсерлері жөнінде музейдің пікір кітабына: "Бүгін Кәмен Оразалин атамыздың музейіне 6 "Б" сынып оқушыларымен келіп, үлкен дәріс алып шықтық. Оқушыларымызға еңбек ету жолында үлкен сабақ болатынына көміл сенімдіміз.

Қазақ әдебиетінде ойып орын алатын тұлға - Кәмен атамыздың ізін жалғастырушы ұрпақ көбейсін! Атамыздың мұрасын дәріптеп, келесі өскелең ұрпақтың санасына сіңіруге ат салысамыз!" - деп, ұстаздар тілек - лебіздерін жазып, оқушылар қолтаңбаларын қалдырды.

«Абай елі» ақпараты

Сайлау 2026 СЕМИНАР - ТРЕНИНГ ӨТТІ




5 ақпан 2026 жылы - Дүниежүзілік сайлау күніне орай Абай аудандық аумақтық сайлау комиссиясы және № 169 учаскелік сайлау комиссиясы «Бекбосынов атындағы орта мектебі» КММ-нің 9-11 сынып оқушыларымен «Мен сайлауға қатысамын» тақырыбында семинар-тренинг өткізді.

Алқалық талқылау - демократиялық шешім қабылдаудың негізгі принципі, кәсібилік - сайлау сапасының басты көрсеткіші, алқалық принцип пен кәсібиліктің өзара байланысы, сайлау процесі сапасының негізгі критерийлер, алқалық талқылаудың практикалық маңызы, кәсібилікті арттыру жолдары, жас сайлаушылардың рөлі туралы семинарда талқыланды.

№169 учаскелік сайлау комиссиясының

хатшысы Ж.Ибраева, мектеп ұстаздары Ә.Демеуова, Г.Елубаева тартымды викторина ойынын өткізді. Ойын барысында балалар сайлау заңнамасы бойынша білімдерін сынады, әрбір дауыстың қоғамымыздың дамуына қалай әсер ететіні туралы көбірек білді. Викторинаның белсенді қатысушылары естелік сыйлықтармен марапатталды.

Іс-шара жас сайлаушылар үшін өте маңызды, сапалы сайлау процесі - олардың еркін таңдауын қорғаудың басты кепілі, алқалық басқарудың мәні, кәсібиліктің рөлі, олардың сайлау комиссиялары жұмысының сапасына әсер ететін факторлары екендігі туралы пікір қалыптастыруға бағытталды.



«Абай елі» ақпараты

Мойыңда ұл алып...



Құрметті Сағат Шаймарданқызы!

Асыл ана, сізді мерейлі 80 жасқа толған туған күніңізбен құттықтаймыз! Шаңырақтың киелі ұйытқысы болып отырған аяулы анамызға береке бірліктің, ұлан ғасыр ақылдың кені, өмірдің гүлі болып жарқырап, жайнап, ұрпағының қызық қуанышын көріп, ұзақ ғұмыр жасауына тілектеспіз!

Тілегіміз ғасыр жасап,
Ұзақ өмір сүріңіз.
Ортамызда көрік беріп,
Аман есен жүріңіз!

80 Жас

Шөпшек пенен неменені,
Көретұғын заман болсын,
Сізбен бата алған әркез,
Ұрпағыңыз аман болсын!

Ізгі тілекпен құттықтаушылар . Баршың, Нұрлан-Ғалия, Руслан -Ғауһар, Немерелері Әділ- Раббия, Назерке, Әбділда, Сағыныш, Гүлнұр, Темірлан, Балнұр, Дініслам, шөбересі Сайфадин.



Кеңгірбай би ауылы, "Шәкерім атындағы орта мектебі" КММ-нің кіші қызметкері, әріптесіміз Азиева Меруерт Жұмабекқызын мерейлі 40 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Өнегелі ұрпаққа бәрін берген,
Төрт қызы тіршіліктің нәрін берген.
Қырық жас қуанышы арта берсін!
Жастыққа жаңаша бір жалын берген!

Салмақты мінезіңіз сабыр тұнған,
Ол да құт бойыңызға Төңір құйған.
Адинаны таниды байтақ елі,
Тектен шығар тербелген дарын тұлған.



Әулетіңіз өркендеп өсе берсін!
Мейлі, уақыт сырғанап кеше берсін!
Шыңғыстаудың киелі топырағы,
Жарқын болашағына жетелер шың!

Ізгі тілекпен: "Шәкерім орта мектебі" КММ

40 Жас

Қолғау ЖАҢА РЕФОРМА - БОЛАШАҚҚА БЕТБҰРЫС



Ата заңымыздың жаңа жобасы жарияланып, халықтық талқылауға ұсынылып отыр. Біз парламенттің құрылтай атануын қолдаймыз. Біздің еліміз — көп ұлтты мемлекет, бір шаңырақтың астында ұлттар мен ұлыстарды біріктірген татулық пен бірауыздылықтың ортасы. Ассамблея өз шеңберінде ауқымды жұмыс атқарып, ендігі уақытта құрылтаймен бірігіп халық кеңесін құрып, егеменді еліміздің алдында тұрған асқарлы міндеттерді шешуге ат салысады. Осы құрылымды біз бір ауыздылықпен қолдаймыз.

Талқыланып жатқан конституциялық реформаның түпкі мақсаты — ел тәуелсіздігін қорғау, ата заңымыздың тұғыры биік мәртебеде болуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының Ата Заңы» дегеннің орнына «Қазақ Елінің Ата Заңы» деген атау дұрыс болар еді деп есептейміз.

Біздің ел — ұлтаралық республика болғандықтан, бір партиялық парламенттің болуы қарттары мен аналары үшін тиімді деп саналады. Онда 145 халық қалаулысы болғаны жеткілікті, бұл өкілдік пен басқару тиімділігін көрсетеді. Сайлау мерзімі бес жыл болып белгіленген. Әлемдік тәжірибеде бар құрылтай да 145 мандаттан тұрады. Саяси партиялардан кеңейтілген өкілдікті қамтамасыз ете отырып, мандаттардың санын оңтайландырады.

Абай ауданының құрметті азаматы, ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы: Ш.Несіпбай

Abai eli

«Abai eli»
Жауапкершілігі шектелді серіктестігі
Абай аудандық
қоғамдық - саяси апталық газет

Құрылтайшысы:
«Abai eli» ЖШС Директор - Бас редактор
АКРАМ ЖІБЕК ЖАНАРБЕКҚЫЗЫ
Жауапты хатшы Анар СӘРСЕНБИНА
Журналист Жазира ҚАЗЫҚЫЗЫ
Дизайнер Жансая СОВЕТБЕКОВА
Редакцияның мекен-жайы:
180014 Қарауыл ауылы,
Құнанбай көшесі, 12-үй.Тел/факс: 9-23-43
e-mail: abay_eli_1@mail.ru
www.abayeli.kz

Газет айына төрт рет шығады.

Редакция оқырман хаттарын қайтармайды.
Автордың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 01.07.13 жылы тіркеліп, N 13720 - Г тіркеу куәлігі берілген.
ТОО «Печатное издательство-агентство «Рекламный Дайджест» баспа орталығында офсеттік тәсілмен басылып шығады. Мекен-жайы: Өскемен қаласы Абай даңғылы 20 үй
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №
2 Баспа табак.